

## Жезқазған қаласының көшелерін атау туралы

Қарағанды облысы Жезқазған қаласының әкімдігінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 51/2 қаулысы және Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 3/46 шешімі. Қарағанды облысы Жезқазған қаласы Әділет басқармасында 2008 жылғы 29 қаңтарда N 8-2-53 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 13 бабы 4 тармағына және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2 шағын ауданның атауы жоқ көшесіне Бауыржан Момышұлы есімі;  
7 шағын ауданының атауы жоқ көшесіне Тілеулі батыр есімі;  
7 шағын ауданының атауы жоқ көшесіне Ер Шоштан есімі;  
7 шағын ауданының атауы жоқ көшесіне Кетбұғы би есімі берілсін.
2. Осы қаулы және шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының  
әкімі *М.Т. Танабаев*

Қалалық мәслихат  
сессиясының төрағасы *Н.И. Ярмак*

Қалалық мәслихаттың  
хатшысы *С.Т. Медебаев*